КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 22 қараша №4712-24-00-2/4281 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Туйебаева», басшысы Туйебаева Маусымжан Бурабековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Туйебаева» басшысы Туйебаева Маусымжан Бурабековна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Туйебаева», басшысы Туйебаева Маусымжан Бурабековнадан Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы»

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 324 (үш жүз жиырма төрт) теңге тұрақсыздық айыппұл, 10 (он) теңге мемлелкеттік баж төлеген шығысы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Туйебаева», басшысы Туйебаева Маусымжан Бурабековнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 22 қарашада дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 27.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2025, судья Метеркулова Г. О., 09.01.2025

4712-24-3-1/3946